

**Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы**

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 82 бірлескен қаулысы және Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/13-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 сәуірде № 55-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Абай облысы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері осы бірлескен қаулы және шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай облысы әкімі*

*Н. Уранхаев*

*Абай облысы мәслихатының төрағасы*

*К. Сулейменов*

"Абай облысы әкімінің аппараты" ММ  
2023 жылғы 21 сәуірдегі № 82  
мен Абай облысы  
мәслихатының  
2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/13-VIII  
бірлескен қаулысы мен  
шешімінің  
қосымшасы

**Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері**

№	Қала мен аудандар атауы	меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері (гектар)	
		фермерлік қожалығын	немесе шаруа жүргізу үшін
		ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	мемлекеттік емес

		Қазақстан Республикасының азаматтарына		заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына	
		барлығы	оның ішінде суармалы	барлығы	оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6
1.	Абай ауданы	4,0	2	4,0	2
2.	Ақсуат ауданы	6,3	2	6,3	2
3.	Аягөз ауданы	9	2	9	2
4.	Бесқарағай ауданы	1,5	1,5	1,5	1,5
5.	Бородулиха ауданы	1,4	1,4	1,4	1,4
6.	Жарма ауданы	8,8	2	8,8	2
7.	Көкпекті ауданы	2,5	2	2,5	2
8.	Үржар ауданы	8,2	2	8,2	2
9.	Семей қаласы	7	2	7	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК